

Жеке кәсіпкерлік саласындағы асыл тұқымды мал шаруашылығы және тұқым шаруашылығы салаларындағы мемлекеттік бақылау бойынша және өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 18-03/496 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 312 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 10 қазанда № 7250 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 15-02/762 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 697 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.08.2015 № 15-02/762 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.11.2015 № 697 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2012.05.24 № 18-03/269 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.05.28 № 174 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 15-бабы 1-тармағына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жеке кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тексеру парақтарының нысандары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жеке кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша тұқым шаруашылығы салаларындағы тексеру парақтарының нысандары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жеке кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парақтарының нысандары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы 2012.05.24 № 18-03/269 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.05.28 № 174 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына жариялау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекші Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы	Экономикалық даму және сауда
министрінің міндетін	министрінің міндетін
атқарушы	атқарушы
_____ М. Толыбаев _____	М. Құсайынов

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 18-03/496
және Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрінің м.а.
2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 312
бірлескен бұйрығына
1-қосымша
нысан

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.01.2014 № 8/72 және ҚР Өңірлік даму министрінің 10.02.2014 № 29/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Органның атауы _____

Тексеру тағайындау туралы акт _____

(№ , к ү н і)

Субъектінің атауы _____

ЖСН (БСН)* _____

Субъектінің орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді	Қойылатын талаптарға сәйкес келмейді
Асыл тұқымды зауыттар			
1	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің** болуы		
2	Меншік құқығында материалдық-техникалық базасының болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шартының немесе лизинг шартының болуы		
3	Жеке және заңды тұлғалар мамандарының қатысуымен ғылыми ұйымдардың ғалымдары әзірлеген, сынақтан өткізілген немесе тұқымдары жасалып жатқан малдармен жүргізілетін селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарының болуы		
4	Мал өнімділігінің сандық көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен типтеріне арналған стандарттардың талаптарына сәйкестігі		
5	Мал өнімділігінің сапа көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен типтеріне арналған стандарттар талаптарына сәйкестігі		
6	Тұқымы сынақтан өткізілген, бір тұқым ішіндегі және зауыттық типті асыл тұқымды малды, белгілі бір тұқымның зауыттық желілері мен кросстарын күтіп-ұстау және пайдалану		
7	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		
8	Малдарды өзінің өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша бағалауды жүргізу		
9	Асыл тұқымды малға бағалау жүргізу		
10	Белгілі бір тұқымның сынақтан өткізілген зауыттық және бір тұқым ішіндегі, аймақтық типті, зауыттық желідегі құндылығы жоғары малдарын желісін сату		
11	Малды өз өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша бағалау жөніндегі бақылау-сынақтан өткізу аулалары мен пункттерінің жұмыс істеуі		
12	Тұқымы сынақтан өткізілген, бір тұқым ішіндегі және зауыттық типті асыл тұқымды мал төлін, белгілі бір тұқымның зауыттық желілері мен кросстарын бағытталған өсіру		
13	Асыл тұқымдық куәліктер беру		
14	Штатында тиісті мамандықтар бойынша мамандарының болуы		

15	Объектіге жасалған ветеринариялық-санитариялық қорытындысының болуы		
16	Есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың болуы		
17	Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген жұқпалы аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық Эпизоотиялық Бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың болуы		
Асыл тұқымды шаруашылықтар			
18	Занды тұлға үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің** болуы		
19	Меншік құқығында материалдық-техникалық базасының болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шартының немесе лизинг шартының болуы		
20	Жеке және заңды тұлғалар мамандарының қатысуымен ғылыми ұйымдардың ғалымдары әзірлеген, сынақтан өткізілген немесе тұқымдары, типтері, кросстары жасалып жатқан малдармен жүргізілетін селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарының болуы		
21	Мал өнімділігінің сандық көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен түрлеріне арналған стандарттар талаптарына сәйкестігі		
22	Мал өнімділігінің сапалық көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен түрлеріне арналған стандарттар талаптарына сәйкестігі		
23	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		
24	Асыл тұқымды малға бағалау жүргізу		
25	Асыл тұқымды малдың белгілі бір түрін, тұқымын, желілері мен типтерін өткізу		
26	Асыл тұқымдық куәліктер беру		
27	Штатында тиісті мамандықтар бойынша мамандарының болуы		
28	Объектіге жасалған ветеринариялық-санитариялық қорытындының болуы		
29	Есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың болуы		
30	Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген жұқпалы аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық Эпизоотиялық Бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың болуы		
1 және 2 реттегі асыл тұқымдық репродукторлар			

31	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің** заңды тұлға үшін немесе жеке куәліктің көшірмесінің жеке тұлға үшін болуы		
32	Меншік құқығында материалдық-техникалық базасының болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шартының немесе лизинг шартының болуы		
33	Жеке және заңды тұлғалар мамандарының қатысуымен ғылыми ұйымдардың ғалымдары әзірлеген, сынақтан өткізілген немесе тұқымдары, типтері, кросстары жасалып жатқан малдармен жүргізілетін селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарының болуы		
34	Мал өнімділігінің сандық көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен түрлеріне арналған стандарттар талаптарына сәйкестігі		
35	Мал өнімділігінің сапалық көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен түрлеріне арналған стандарттар талаптарына сәйкестігі		
36	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		
37	Асыл тұқымды малға бағалау жүргізу		
38	Асыл тұқымдық куәліктерді беру		
39	Құстардың тұқымдары мен кросстарының желілерін және (немесе) арғы ата-тектік үйірін өткізу (бірінші реттегі асыл тұқымдық репродукторлар үшін)		
40	Құстардың тұқымдары мен кросстарының желілерін және (немесе) ата-енелік үйірін өткізу (екінші реттегі асыл тұқымдық репродукторлар үшін)		
41	Штатында тиісті мамандықтар бойынша мамандарының болуы		
42	Объектіге жасалған ветеринариялық-санитариялық қорытындының болуы		
43	Есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың болуы		
44	Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген жұқпалы аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық Эпизоотиялық Бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың болуы		
Асылдандырушы орталықтар			
45	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің** болуы		
46	Жеке және заңды тұлғалар мамандарының қатысуымен ғылыми ұйымдардың ғалымдары әзірлеген, сынақтан өткізілген немесе тұқымдары жасалып жатқан малдармен жүргізілетін селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарының болуы		
47	Ауыл шаруашылығы малының тұқымдық малын күтіп-ұстауға арналған үй-жайдың болуы		

48	Тұқымдық малдың ұрығын төменгі температурада мұздатуға және сақтауға арналған зертхананың болуы		
49	Ветеринариялық-санитариялық тексеру өткізетін орынның болуы		
50	Карантиндік үй-жайдың болуы		
51	Изолятордың болуы		
52	Зертханалық жабдықтардың болуы		
53	Криогендік жабдықтардың болуы		
54	Жоғары өнімді асыл тұқымды тұқымдық малдың болуын растайтын асыл тұқымдық куәліктердің болуы		
55	Асыл тұқымды тұқымдық малдың сәйкестендіру жүргізуді растайтын ветеринариялық паспорттардың болуы		
56	Малға өз өнімділігі бойынша бағалау жүргізуі		
57	Ұрпағының сапасы бойынша бағалау жүргізуі		
58	Асыл тұқымды малға бағалау жүргізу		
59	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстардың ақпараттық базада тіркелгенін растайтын жергілікті атқарушы органның анықтамасы		
60	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		
61	Асыл тұқымдық куәліктерді беру		
62	Штатында тиісті мамандықтар бойынша мамандарының болуы		
63	Объектіге жасалған ветеринариялық-санитариялық қорытындының болуы		
64	Есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың болуы		
65	Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген жұқпалы аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық Эпизоотиялық Бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың болуы		
Дистрибьютерлік орталық			
66	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің** болуы		
67	Жеке және занды тұлғалар мамандарының қатысуымен ғылыми ұйымдардың ғалымдары әзірлеген, сынақтан өткізілген немесе тұқымдары жасалып жатқан малдармен жүргізілетін селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарының болуы		
68	Стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайлардың болуы		
69	Зертханалық жабдықтардың болуы		
70	Криогендік жабдықтардың болуы		
71	Жасартушы болып табылатын, тұқымдық бұқалардың ұрығын сатып алу және сақтау		
72	Ұрығын сату		
73	Асыл тұқымдық куәліктерді беру		

74	Штатында тиісті мамандықтар бойынша мамандарының болуы		
75	Объектіге жасалған ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар болуы		
76	Есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың болуы		
77	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		
78	Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген жұқпалы аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық Эпизоотиялық Бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың бар болуы		
Бағалаушылар (сыныптаушылар)			
79	«Зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның болуы		
80	Ауыл шаруашылығы малының тиісті түрі бойынша бағалау курстарынан өткендігі туралы сертификаттың болуы		
81	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		
82	Селекциялық карточкасының, асыл тұқымды малдың карточкасының немесе асыл тұқымды малға асыл тұқымдық куәлігінің болуы		
Техник-ұрықтандырушылар			
83	«Зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» немесе «ветеринария» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның немесе осы бейін бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың болуы		
84	Ауыл шаруашылығы малын колдан ұрықтандыру курстарынан өткендігі туралы сертификаттың болуы		
85	Зертханалық үй-жайдың болуы		
86	Бақылау-өлшеу аспаптарының болуы		
87	Құрал-саймандардың болуы		
88	Криогендік жабдықтардың болуы		
89	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		
90	Асыл тұқымды материалға (ұрығына) асыл тұқымды куәліктің болуы		
Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар			
91	«Зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» немесе «ветеринария» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның болуы		

92	Ауыл шаруашылығы малының эмбриондарын телу (ауыстырып салу) бойынша курстардан өткендігі туралы сертификаттың болуы		
93	Зертханалық үй-жайдың болуы		
94	Бақылау-өлшеу аспаптарының болуы		
95	Құрал-саймандардың болуы		
96	Криогендік жабдықтардың болуы		
97	Технологиялық жабдықтардың болуы		
98	Асыл тұқымды материалға (эмбриондарға) асыл тұқымды куәліктің болуы		
99	Уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну		

Тексеруді асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор жүргізді

(тегі, аты (бар болған кезде) әкесінің аты) (қолы)

Мөр орны

Талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда ұйғарымның нөмірі мен жасалған күні көрсетіледі

(20 ____ жылғы « ____ » _____ № ____)

Тексеру нәтижесімен таныстым
(келісемін/келіспеймін)

(тегі, аты (бар болған кезде) әкесінің аты) (қолы)

« ____ » _____ 20 ____ жыл

(Тексеру қорытындысы бойынша тексерілген объект

(объектінің атауы)

мынадай объектілер санатына ауыстырылады («+» белгісімен белгілеу):

тәуекел дәрежесі жоғары	тәуекел дәрежесі орта	тәуекел дәрежесі төмен
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Органның лауазымды тұлғалары:

(лауазымы) (тегі, аты (бар болған кезде) әкесінің аты) (қолы)

(лауазымы) (тегі, аты (бар болған кезде) әкесінің аты) (қолы)

Органның басшысы:

(лауазымы) (тегі, аты (бар болған кезде) әкесінің аты) (қолы)

« ____ » _____ 20 ____ жыл

Ескертпе: * - ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі, БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі ;

Ескертпе: ** - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін күшінде болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 18-03/496

және Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда

м и н и с т р і н і ң м . а .

2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 312

б і р л е с к е н б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

нысан

**Тұқым шаруашылығы саласындағы
мемлекеттік бақылау бойынша
жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.01.2014 № 8/72 және ҚР Өңірлік даму министрінің 10.02.2014 № 29/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Органның атауы _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , кү н і)

Субъектінің атауы _____

ЖСН (БСН)* _____

Субъектінің орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптың тізімі	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді	Қойылатын талапта сәйкес келмейді

Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар

1	Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесі тізіліміне енгізілген және Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес салыстырылып тексерілген зертханалық жабдықпен және өлшем құралдарының; тұқым сапасын анықтау әдістеріне нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес тұқымның сапа көрсеткіштерін анықтауды қамтамасыз етуге арналған химиялық реактивтермен, материалдармен және құрал-саймандардың; тұқым сынамаларын сақтауға арналған сөрелермен жарақталған (тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түріне байланысты) меншік құқығындағы немесе басқа заттай құқықтағы ғимараттың (үй-жайдың) болуы		
2	кемінде бір тұқым сарапшысының болуы		
3	тұқым сапасына сараптама жасау кезінде қолданылатын өзекті етілген нормативтік-техникалық құжаттардың, бланктердің (тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түріне байланысты) болуы		
Бірегей тұқым өндірушілер			
4	Бірегей тұқымдарды өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес оларды өндіруді жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде - сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы		
5	Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін, ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және бірден кем емес айналымнан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы		
6	Жалпы егіс алаңының 30 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің болуы		
7	Бірегей тұқым өндірісі (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша 6 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы		
8	Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттық агротехниканың болуы		
9	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің		

	болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқым өндірушінің аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс		
10	Дақыл жөнінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар кемінде бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқым өндірісі бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға шарттың болуы		
11	Кемінде бір агроном-тұқымшының және әр дақыл бойынша маманның сондай-ақ, дақыл мен сорттың тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстың ерекше әдістерін меңгерген техникалық персоналдың кемінде үш адамының болуы		
12	Дақыл мен сорттың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін сызбаларға қатаң сәйкестікте бірегей тұқым өндірісін қамтамасыз етуді сақтау		
13	Кейіннен элиталық тұқым өндірісін қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланған көлемін өндіруге қажетті ассортиментте және көлемде сорттың тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы		
14	Бастапқы буындардың негізін қалау үшін – 100 пайыз; суперэлита үшін - 50 пайыз қажеттілікте тұқым сақтандыру қорларының болуы		
15	Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған арнайы селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы		
16	Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункелердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы		
17	Бірегей тұқым өндірісі жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (себу, іріктеу, сорттық, түрлік және фитопатологиялық отаулар (тазалаулар), егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, сату актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол Қазақстан Республикасы Ауыл		

	шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторымен нөмірленуге, тігілуге, қолы қойылуға тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдардың аттестаты) есеп жүргізудің болуы		
18	Сортты шығару әдісін, ата-аналық нысандар, сорт белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сорт жөніндегі құжаттаманы жүргізудің болуы		
19	Тұқым шаруашылығы жөніндегі есеп материалдарының алты жылдан кем емес мерзім ішінде сақталуын қамтамасыз етудің болуы		
Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары			
20	Элиталық тұқым өндіру жүргізілетін және кемінде бір ротациядан өткен ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы		
21	Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттық агротехниканың болуы		
22	Жалпы егіс алаңының 25 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің болуы		
23	Соңғы үш жылдағы өнімділіктің орташа облыстық көрсеткіштен жоғары болуының сәйкестігін сақтау		
24	Тұқым шаруашылығы бойынша жұмыс тәжірибесі – төрт жылдан кем болмауы		
25	Жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз ету – 25 пайыздан кем болмауы		
26	Тұқым шаруашылығы жүргізілетін егілетін дақылдардың саны 4-тен көп болмауы		
27	Аттестаттау мәніне сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны 3-тен көп болмауы		
28	Суперэлиталық тұқымды егуге қажетті тұқымның сақтандыру қоры - 50 пайыз болуы		
29	Дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы		
30	Аудандастырылғандар тізбесіне енгізілген тұқым сорттарын өсіру схемасының болуы		
31	Тұқым материалдарын өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы жүргізу және есепке алуды ұйымдастырудың сақталуы		

32	Элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде негізгі тұқым материалының (бірегей тұқым) аудандастырылған және перспективті сорттарының болуы		
33	Аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап кемінде екі жыл мерзімге элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде аудандастырылған және перспективті сорттардың бірегей немесе суперэлиталық тұқымдарын жеткізу туралы бірегей тұқым өндірушімен жасалған шарттың болуы		
34	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен элиталық тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеу туралы шарттың болуы		
35	Элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілейтін техниканы қоса алғанда, ауыл шаруашылығы техникасының болуы		
36	Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй – жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункелердің), арнайы ыдыстың, асфальттанған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы		
37	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (себу, егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, сату актілері, тұқым аттестаты, тұқым куәлігі, тұқымның сапасы туралы куәлік, тұқымдарды есепке алу журналы (ол Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторымен нөмірленуге, тігілуге, қолы қойылуға тиіс) есеп жүргізудің болуы		
38	Тұқым шаруашылығы бойынша есеп материалдарының кемінде бес жыл сақталуын ұйымдастырудың орындалуын сақтау		
39	Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агроном-тұқымшының болуы		

40	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында сондай-ақ аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде болмауы тиіс		
41	Элиталық тұқымдарды өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес оларды өндіруді жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде -сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы тиіс		
Тұқым өсіру шаруашылықтары			
42	Тұқым шаруашылығы бойынша жұмыс тәжірибесінің екі жылдан кем емес болуы		
43	Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес олардың өндірісін жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде - сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы		
44	Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсыныстарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы		
45	Жалпы егіс алаңының 20 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің болуы		
